

**Сүмен жабдықтауды және (немесе) су бұруды басқарудың бірынғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін үйімдастыру, қалыптастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің 2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 365 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қыркүйекте № 36868 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-13-бабының 4 тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған сумен жабдықтауды және (немесе) су бұруды басқарудың бірынғай мемлекеттік жүйесін үйімдастыру, қалыптастыру және оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Цифрлық трансформация департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыш министрі

E. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыш  
министрінің

**Сумен жабдықтауды және су бұруды басқарудың бірынғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін үйімдастыру, қалыптастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сумен жабдықтауды және су бұруды басқарудың бірынғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін үйімдастыру, қалыптастыру, жүргізу және жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Заңының 10-13-бабының 4 -тармағына сәйкес әзірленді. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес жүзеге асырылады және сумен жабдықтауды және су бұруды басқарудың бірынғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін үйімдастыру, қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) уәкілетті орган - тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) сумен жабдықтау – су ресурстарын алуды, сақтауды, дайындауды, беруді және бөлуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

3) су бұру – сарқынды суларды жинауды, тасуды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

4) сумен жабдықтауды және су бұруды басқарудың бірынғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - Ақпараттық жүйе) пайдалануши - уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, табиғи монополиялар субъектілері, мұліктің меншік иелерінің бірлестіктері, жай серіктестіктер, көппәтерлі тұрғын үйді басқарушылар, басқарушы компаниялар, сервистік қызмет субъектілері, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері және өзге де субъектілер тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру субъектілері (қатысушылар) болып табылады;

**2-тарау. Ақпараттық жүйені үйімдастыру және қалыптастыру**

3. Ақпараттық жүйені үйімдастыру және қалыптастыру мақсатында мынадай негізгі бағыттар көзделеді:

1) кейіннен оны Ақпараттық жүйеге енгізе отырып, оған қол жеткізуді және таратуды қамтамасыз ете отырып, сумен жабдықтау және су бұру субъектілерінен келіп түсетін ақпаратты жинау, өндеу және сақтау процестерін үйімдастыру;

2) сумен жабдықтау және су бұру саласының жай-күйі туралы талдамалық ақпаратты қалыптастыру және мониторинг тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) сумен жабдықтау және су бұру субъектілері ұсынатын деректер негізінде сумен жабдықтау және су бұру саласын дамытуды болжату және модельдеу құралдарын іске асыру;

4) уәкілетті орган Ақпараттық жүйе арқылы көрсететін қызметтерді іске асыру сапасын және қол жетімділігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

5) Ақпараттық жүйенің жұмыс істеуінің сенімділігі мен қауіпсіздігін және оның сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы субъектілермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық тетіктерді белгілеу.

4. Ақпараттық жүйенің құрылымы мынадай элементтерден тұрады:

1) Ақпараттық жүйе;

2) Ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін кіші жүйелер;

3) Ақпараттық жүйемен өзара іс-қимыл жасайтын пайдаланушылар.

### **3-тарау. Ақпараттық жүйенің жұмыс істеу тәртібі**

5. Ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі деректер мен ақпаратты интеграциялау, орталықтандырылған басқару, процестерді автоматтандыру, рәсімдерді стандарттау, сондай-ақ оның жұмысын тұрақты мониторингілеу және бақылау есебінен қамтамасыз етіледі. Ақпараттық жүйе көрсетілетін қызметтердің функционалдылығын, сапасы мен тиімділігін ұдайы арттыру мақсатында пайдаланушылардан көрі байланысты жинауды және талдауды көздейді.

6. Ақпараттық жүйені құру, дамыту және пайдалану мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) Ақпараттық жүйеге енгізу үшін ақпараттың толықтығы, дұрыстығы, уақтылы берілуі;

2) Ақпараттық жүйеге енгізу үшін ақпаратты жинаудың, өндөудің үздіксіздігі;

3) Ақпараттық жүйенің басқа ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылы;

4) Ақпараттық жүйені құру, дамыту және пайдалану кезінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

7. Ақпараттық жүйені құру, дамыту және пайдалану уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" Заңында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ақпараттық қауіпсіздік стандарттары талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ақпараттық жүйе пайдаланушыларының ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжаттардан алынған мәліметтерге тең.

11. Ақпараттық жүйеге ақпаратты енгізу ді пайдаланушылар жеке кабинет арқылы оның басқа ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылы шеңберінде, сондай-ақ осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 107 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық құралдар тізбесіне сәйкес пайдаланушылар өндейтін өзге де ақпаратқа қатысты жүзеге асырады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18117 болып тіркелген).

12. Ақпараттық жүйеге енгізу үшін ақпаратты Ақпараттық жүйені пайдаланушылар Ақпараттық жүйені пайдалана отырып, уәкілетті органға жіберіletіn ЭЦК арқылы қол қойылған электрондық құжаттар нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы ұсынады.

13. Ақпараттық жүйедегі ақпаратқа қолжетімділікті осы Қағидалардың ережелерін ескере отырып, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектелуге жатпайтын ақпаратты қоспағанда, Ақпараттық жүйедегі мәліметтер қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа жатады.

15. Ақпараттық жүйеде қамтылған, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа өндөу мүмкіндігін қоса алғандағы ақпаратқа қол жеткізу құқығы Информациялық жүйені оның тағайындалуына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ететін уәкілетті органға тиесілі. Бағдарламалық қамтамасыз етуді түзету, модификациялау және ақауларды жою осы Ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана рұқсат етіледі, әрі барлық өзгерістер міндетті түрде аудит журналына тіркеледі (күні, уақыты, пайдаланушы, өзгерістердің негізі мен мазмұны) және өзгерістерге ұшыраған субъектілерге хабарлануы тиіс, Қазақстан Республикасының заңнамасында тура көрсетілген жағдайлардан басқа. Ақпараттық жүйенің басқа пайдаланушылары ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктері мен құқықтары шегінде қол жеткізеді.

16. Уәкілетті органмен Ақпараттық жүйеде қамтылған ақпаратқа қол жеткізу Ақпараттық жүйенің техникалық (бағдарламалық-техникалық) құралдарын пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі:

1) сумен жабдықтау және су бұры субъектілеріне - өздері ұсынған ақпаратқа қатысты;

2) Ақпараттық жүйе пайдаланушыларына - аталған пайдаланушыларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қол жеткізу құқығы болған жағдайда, жүйеде қамтылған ақпаратқа қатысты.

16. Ақпараттық жүйені ақпараттандыру объектілерімен интеграциялау "электрондық үкімет", мемлекеттік немесе өзге де дереккорлар мен ақпараттық жүйелер Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес жузеге асырылады.

17. Ақпараттық жүйе суды өндіруді, беруді және бөлуді, тұтынуды есепке алу туралы деректерді жинауды және беруді, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру объектілерінің жай-күйін нақты уақытта немесе тиісті объектінің шектілік дәрежесіне қарай белгіленген уақыт аралықтарында мониторингтеуді қамтамасыз етеді.

18. Деректерді жинау процесі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес деректерді ақпараттық жүйеге тұрақты беруді қамтамасыз ететін мониторинг пен есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін, өлшеу құрылғылары мен басқа да технологияларды пайдалана отырып жузеге асырылады.

19. Барлық жиналған деректер міндетті өндеуге, оның ішінде су ресурстарын пайдалану тиімділігін айқындау және тәуекелдерді бағалау үшін талдауға жатады.

20. Деректерді өндеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер ішінде деректерді сақтауды қамтамасыз ете отырып, орталықтандырылған серверлік қуаттарда жүзеге асырылады.

21. Деректерді өндеу үрдістерді анықтау, суға қажеттілікті болжау үшін, сондай-ақ нақты уақыттағы ауытқуларды, аварияларды және басқа да жағымсыз жағдайларды анықтау және жою үшін қажет.

22. Деректерді өндеу ауытқуларға жедел ден қою үшін есептер мен ескертулерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

23. Ақпараттық жүйені бағдарламалық қамтамасыз ету деректерді автоматты түрде өндеуді қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) деректерді сүзу және қалыпқа келтіру;

2) деректерді одан әрі талдау үшін қолайлы пішімге түрлендіру;

3) аномальды жағдайларды сәйкестендіру (мысалы, кернеудің шамадан тыс ауытқуы немесе суды тұтыну бойынша нормалардың артуы).

25. Деректерді өндеу үшін суға қажеттілікті болжауға, техникалық іркілістерді анықтауға, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру объектілерінің жұмыс істеуін онтайландыруға арналған машиналық оқыту жүйелері мен талдамалық платформалар қолданылады.

26. Құрылғылар мен жабдықтар олардың жұмыс істеуіне әсер ететін сыртқы факторларды ескере отырып, саланың өзге де ақпараттық жүйелерімен интеграциялануға жатады.

27. Ақпараттық жүйенің мониторинг жүйесі:

1) барлық қосылған объектілер мен құрылғылардың жұмысын нақты уақытта қадағалау;

2) технологиялық процестегі бұзушылықтар, жабдықтың ақаулықтары немесе қауіпсіздікке төнген қатерлер туралы хабарламалар.

28. Ақпараттық жүйенің деректерін талдау:

1) жабдықтың ағымдағы тұтынуы мен жай-күйі туралы деректер негізінде су ресурстарына қажеттілікті болжау;

2) іркілістер мен авариялардың себептерін айқындау және жою, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру объектілері жұмысының тиімділігін арттыру;

3) суды тұтынуға және бөлуге сыртқы факторлардың әсерін бағалау.

29. Талдау мақсатында барлық деңгейлерде басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті есептерді, кестелерді және болжамдарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін деректерді кешенді өндөуге арналған Ақпараттық жүйені бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылады.

30. Жиналған және өндөлген деректер негізінде басқарудың әртүрлі деңгейлері (жергілікті, өнірлік, ұлттық) үшін тұрақты және шұғыл есептер автоматты түрде қалыптастырылады.

31. Ауытқулар анықталған жағдайда жүйе технологиялық және басқарушылық процестерді түзету бойынша ұсынымдарды қалыптастырады.

32. Барлық деректер мен есептер ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес мұрағаттауға және сақтауға жатады.

33. Жиналған деректерде қателер немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Ақпараттық жүйе пайдалануышының белгіленген қолжетімділік деңгейі шегінде оларды түзету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

34. Жұмыс істеудің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ақпаратты сақтауға, өндөуге және беруге арналған сумен жабдықтау және су бұру субъектілерінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектілері ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ көрсетілген салалардағы ұлттық стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

35. Өлшеуге арналған және Ақпараттық жүйеге деректерді беру үшін метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құралдарға арналған талаптар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы ұлттық стандарттарға сәйкес айқындалады

36. Сумен жабдықтау және су бұру субъектілерінің ақпараттық- коммуникациялық инфрақұрылым объектілері үздіксіз қуат көздерімен, серверлік жабдықты қолдана отырып, деректерді Ақпараттық жүйеге жинауға, өндөуге және беруге қабілетті байланыс арналары арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Укіметінің 2016

жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Бірыңғай талаптарға сәйкес криптографиялық және өзге де қорғау деңгейімен қамтамасыз етіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК